

Педагог-психолог: Оразбаева А.С

Білім саласы: Психология

Тақырыбы: «Дайын бо»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін, зейінін тұрақтандыру, есте сақтауын дамыту. Ойын барысында түстерді ажырата алуға, шапшандыққа балалармен дос болып ойнауға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап ойындар

Керекті жабдықтар: сандар, қол іздері мен дөңгелек пішіндер, смайликтер, түрлі – түсті жолақшалар мен дөңгелектер, әуен.

Балалар мен сендерді өзімнің ұйымдастырылған оқу қызметінде көргеніме қуаныштымын. Балалар оң қолдарыңмен жүректеріңді ұстаңдаршы. Естіп тұрсыңдарма? Тук-тук дейді. Енді осы кішкене жүрегімізде кішкентай ғана мейірім шуағы бар деп сезінейік. Сол шуақпен бір-бірімізді жылытайық. Бір –бірінің қолдарын ұстасады, міне кішкене жүрегіміздегі мейірім шуағы үлкен күн шуағына айналды.

Шаттық шеңбері:

Мынау менің жүрегім,

Бәрі осыдан басталады.

Мынау ақылды басым,

Бәрін осы басқарған.

Мынау менің оң қолым,

Мынау менің сол қолым.

Барлық шаруаны атқарған.

Жарайсыңдар балалар қане ендеше бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбы «Дайын бол» деп аталады. Бүгін біз көптеген қызықты ойындар ойнаймыз. Сендер ойын ойнауға дайынсыңдарма?

«Құлақ - мұрын»

Балалар шеңбермен тұрады. Педагог: құлақ – деп қолымен мұрынды ұстайды, ал мұрын – деп құлақты ұстайды. Ал балалар құлақ дегенде құлақты, мұрын дегенде – мұрындарын көрсету керек. Педагог балалардың зейіні мен қабылдауын тексеру мақсатымен оларды шатастырып айтады.

Жарайсыңдар балалар енді үстел үстіндегі тапсырмаларға көңіл аударайықшы.

1-тапсырма. Үстел үстінде әр-түрлі түстермен боялған жолақшалар бар солардың түсін айтып, рет-ретімен орналастыру керек.

2-тапсырма. Бұл тапсырмада қолдардың және дөңгелек пішіннің үстінен музыка ырғағы мен шатастырмай алма кезек басып шығуымыз керек.

Ақылды балалар екенсіңдер ендеше ойындарымыз әрі қарай жалғастырайық.

«Өз орныңды тап»

Балалар қатармен тұрады. Әр баланың қолында әр түрлі сандар. Жүргізуші белші берген уақытта балалар сандардың реті бойынша тұруға тиісті. Ойын бірнеше рет қайталаңады. Балалардың орындарын шатастырып алмауы қадағалаңады.

«Дайын бол»

Балалар шеңбер бойымен жүреді. Психолог: бір сөз айтады, ал балалар сол сөзді іс-қимылмен көрсетеді. Мысалы: қоян – секіреді, ат-шабады, құс-ұшады, ләйлек – бір аяғымен тұрады.

Бүгінгі ойындар мен тапсырмалар ұнадыма? Бүгінгі ойыннан алған көңіл күйімізді қане барлығымыз мына смайликтердің ішінен таңдап аламыз.

Балалар бүгін тапсырмалар мен ойындарды өте керемет орындап ойнап шықтыңыздар. Рахмет сау болыңыздар!